

## Алтынсарин ауданы Докучаев ауылдық округінің Шокай ауылында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Алтынсарин ауданы Докучаев ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 21 қарашадағы № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 12 желтоқсанда № 7362 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Алтынсарин ауданы Докучаев ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 12 шілдедегі № 3 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Алтынсарин ауданы Докучаев ауылдық округі әкімінің 12.07.2018 № 3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Алтынсарин аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2017 жылғы 18 қазандағы № 68 ұсынысы негізінде, жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында, Докучаев ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушысы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алтынсарин ауданы Докучаев ауылдық округінің Шокай ауылы аумағында ірі кара малдың бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты, шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Алтынсарин ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі "Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Алтынсарин аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің Қостанай облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Алтынсарин аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды қолдану ұсынылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округінің әкімінің  
міндетін атқарушы*

*Б. Есетәев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК